



СҰЛТАН ТӘУКЕЙҰЛЫ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ АТАҒЫНА ИЕ БОЛДЫ



26 қараша - еліміз алғашқы негізгі заңын бекітіп, тәуелсіздігін жариялаған мереке қарсаңында Президент жарлығымен елімізге еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, МҰҚ мүшесі болған, жазушы, ғалым Сұлтан Тәукейұлына Моңғолия Халық жазушысы атағы берілді. Сұлтан Тәукейұлы бүгінге дейін көптеген тарихи роман, дастан, әңгіме, пьеса қатарлы әдебиет саласында қалам тербеп қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін халықаралық деңгейге көтеруге үлесін қосқан.

Сондай-ақ «Моңғолдың құпия шежіресі» сияқты құнды мұралармен бірге «Моңғол халқының мақал мәтелдері», «Моңғолияның негізгі заңын» қазақ тіліне тәржімаласа, «Құран ілімі», «Ислам діні туралы негізгі мағлұматтар», «Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерін» моңғол тіліне аударып оқырман қауымға ұсынған.

МОҢҒОЛИЯҒА ҚОНАҚҚА БАРУ ЖЫЛЫ

Саяхат пен туризмді дамыту жөніндегі Ұлттық комитет бас қосып, 2023, 2024 жылдарды «Моңғолияға қонаққа бару жылы» етіп жариялауға байланысты ұран сөзін анықтау, туристерді қабылдап алу үшін еліміздің авто және темір жолы, әуе тасымалы, өткелектердің әзірлік жағдайы, мүмкіндігі, шешім қабылдау қатарлы мәселелерді сөйлесті. Саяхат пен туризмді дамыту жөніндегі Ұлттық комитеттің төрағасы, Үкімет басшысы Оюун-Эрдэнэ Саяхат пен туризм туралы заңның жаңартылған жобасын жасау, Үкімен мәжілісінде сөйлесіп, МҰҚ-ға ұсыну, 2022 жылға сныстырып осы саланың заңын жаңарту қажеттігіне тоқталды.

ЖАҢАЛЫҚТАР - ХАБАРЛАР...

Моңғол елі өз тарихында тұңғыш рет жасанды серік ұшырып, байланыс саласын жаңа деңгейге көтеретін нақты мақсаты бар мемлекеттік және жекеменшік саланың біріккен стратегиялық маңызы бар жобаны іске асырмақ. Еліміздің ұлттық ғарыш кеңесі, Жапонияның Кюүшү технологиялық институты және Ондо Спэйс компаниясы өзара түсіністік меморандумы мен бірігіп жұмыстау туралы құжаттарға кеше қол қойысты. Еліміздің ұлттық ғарыш кеңесі атынан МҰҚ мүшесі, электронды даму, байланыс министрі, ұлттық ғарыш кеңесінің төрағасы Учрал қол қойды.



Биылғы жылдың алғашқы он айындағы жағдаймен еліміздің ҚХР-сымен жасаған сыртқы сауда мөлшері 10,9 млрд АҚШ доллары көлемінде екен. Бұл өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 25,8 пайызға



өскен көрсеткіш көрінеді. Дәлірек айтқанда экспорт мөлшері 8,48 млрд, импорт 2,47 млрд доллар көлемінде. Бұны өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда экспорт 30,7 -, импорт 11,4 пайызбен өскен.

Биылғы қарашаның 17 күнгі жағдаймен еліміз 2,9 мың тонна жылқы еті, қой, ешкінің 3,4 мың тонна еті барлығы 6,3 мың етті экспортқа шығарған. Сондай – ақ қала және отырықты жерлердегі тұрғындардың көктемгі ет қорын жасау үшін 10 қараша күнгі жағдаймен 4 шаруашылық бірлігіне 46 млрд төгрөктің несиесі берілген. Несиені ХААН және Сауда даму банкілері бөлген екен.



Еліміздің алғашқы он айындағы әлеуметтік, экономикалық көрсеткіштерін ұлттық статистика комитетінен таныстырды. Еліміз биылғы жылдың алғашқы 10 айында барлығы 157 елмен сауда – саптық жасап, сыртқы сауданың барлық тауар айналымы 17,2 млрд АҚШ долларына жеткен. Мұның ішінде экспорт 10 млрд, импорт көлемі 7,1 млрд доллар шамасында көрінеді.

Ауа райын болжау ұйымының мәліметіне қарағанда еліміздің барлық аумағының 25 пайызында жұт болу қаупі жоғары, 35 пайызында қатаер деңгейі орташа, ал 20 пайызында қауіп аз көрінеді. Жұт болу қаупі ең жоғарғы аймақтар қатарында Увс; Ховд, Баян-Өлгий, Говь-Алтай, Баянхонгор, Өмнөговь, Өвөрхангай, Архангай аймақтары бар екен. Бұл өлкелерде малдың семіздік күші әлсіз, мал сату нашар деңгейде, малшыларға ақша табу мүмкіндігі аз, жем-шөптің қымбат болуы- қатер деңгейін тіптен жоғарылата түсуде.

Аймағымыз спортшысы Азия чемпиондында қола медаль еншіледі



Қарашаның 19-20 күндері Оңтүстік Кореяның Чеджу қаласында өткен халықаралық пара-таэквондо жарысында Баян-Өлгий қаласының спортшысы Хаулетұлы Темірбек алтын медаль жеңіп алды. Сондай-ақ Темірбек үстіміздегі жылдың 23-тамызында Вьетнамның Хошимин қаласында өткен пара-таэквондодан 7-ші Азия чемпионатында ерлер арасында 58 келі салмақ дәрежесінде ел намысын қорғап, қола медаль жеңіп алған. «Темірбектің осындай жеңіске жетуіне «Арман» таеквонда клубының жаттықтырушысы Ерулан Шөленұлының үлесі зор.

Хаулетұлы Темірбек 2002 жылы Қыркүйек айында дүниеге келген. 2014 жылдан бастап таеквондамен айналыса бастаған. 2021 жылы Азия біріншілігіне қатысқан. Қазір Монғолия мемлекеттік университетінде білім алууда.

БІЛІМ ОРДАСЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІН КӨРСЕТЕТІН ЖАРИЯЛАНЫМДАР

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті <https://www.kaznu.kz> Орта Азия мемлекеттері бойынша жоғары оқу орындарының арасында өз имиджін қалыптастырған білім ордасы болып саналады. Әлемдік білім беру стандартына бейімделген заманауи білім ордасының басты мақсаты бәсекелестікке қабілетті кәсіби мамандарды даярлауға ерекше басымдық береді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің даму стратегиясын, жаңашыл өнер тапқыш ғалымдарының, ғылыми жетістіктерінің қолданбалық мәнін көрсетіп насихаттау мақсатында жарияланатын имидждік мақалалардың мәні зор.

Қазіргі уақытта цифрлы технологияның дамуына байланысты теледидар, инстормам, фейсбук, телеграмм, сайт сынды әлеуметтік желілер сұранысқа ие болсада, басылымдық газет-журналдардың да орны ерекше. Бұл имидждік мақалаларда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің мәртебесін кеңінен насихаттау үшін университеттің оқу үрдісіндегі жетістіктерімен қатар, жастардың азаматтық ұстанымын, патриоттық сана-сезімін жетілдіру мақсатында дайындық бөлімінде оқитын қандас тыңдаушыларымызға тәрбиелік-танымдық кештер, іс-шаралар жүйелі түрде өткізіліп баспасөздерде жарияланады. Факультетте

жыл сайын 100-150-ге жуық мақалалар жарық көріп отырады. Әлеуметтік желідегі жазбалар және сайттарда жариялап жарнамалау арқылы университетіміздегі жүргізіліп жатқан сүбелі жұмыстардың барлық бағыттары мен салаларын қамтып отыру мақсатында өткізілген жұмыстар, кафедра деңгейінде жүргізіліп бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таныстырылып отырады. Сондай-ақ, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасыда осы басылымдар бойынша жыл бойы атқарылған жұмыстарын белсенділікпен жарнамалап көрсетуге тырысады. Негізгі имидждік мақалалар жарияланатын газет-журналдар: «Қазақ университеті» газеті және «Әл-Фараби» журналы, Еліміздегі БАҚ-ында: «Түркі әлемі, Алматы Ақшамы, Қазақ үні, Ақиқат арнасы» т.б. Шетелдегі БАҚ-ында: “Жаңа дәуір”, “Монгол Заман” газеті Монғолияда; Magdom Salari, Шамал апталығы Ауғанстанда; Согдийская Правда, Таджикистанда; Yuce ерек Туркияда және тағы басқа шетелдерде жарық көруде. Бұндағы дайындық факультетінің мақсаты, шетелде жүрген қандастарды ұлттық университеттің өмірімен, тынысымен таныстыра отырып оқуға шақыру болып табылады.

Жалпы, ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінде

шетелден келген қандастар және шетелдік білім алушы тыңдаушылар болғандықтан, имидждік мақалаларды шет мемлекеттердегі БАҚ-ның арасында таралымы көп, деңгейі жоғары газет-журналдарына, әлеуметтік желілері мен сайттарына жариялап, шығарып отыруға тырысады. Бұл арнадағы мақсаты шетелдегі қандастар университет, факультет жайлы толық ақпарат алып танысуларына мүмкіндік береді. Атажұртындағы беделді оқу орнының мәртебесімен танысып, жоғарғы оқу орындарының арасындағы ерекшелігін ұғындыру арқылы шетелден келген қандастардың болашақта таңдайтын мамандықтарын, осы оқу орнында жалғастыруларына сенім ұялатады. Өзіне сай жоғары деңгейді, тартымды бейнелік имидждің қалыптастырған Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-і <https://www.kaznu.kz> көптеген бірегей тұлғаларды, кәсіби мамандарды, талантты жас ғалымдарды жетілдіріп шығару жолында еліміздің білім, ғылым, мәдениет, денсаулық, спорт саласына қомақты үлес қосуда. Отандық білім беру саласында айрықша орны бар университеттің қабырғасында оқып, білім алу әрбір жастардың арманы.

ЖОО дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушылары:
Сандықбаева Ө.Д., Үсенбекова А.Е., Саткенова Ж.Б.